

**Р. Шоқан\***, э.ғ.к., доцент<sup>1</sup>

**Э.Б. Глесова**, э.ғ.к., доцент<sup>1</sup>

**М.Е. Беспаяев**, аға оқытушы<sup>2</sup>

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті<sup>1</sup>*

*Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан*

*«Тұран-Астана» университеті<sup>2</sup>*

*Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан*

\* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: roza-shokan@mail.ru

## COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ОТАНДЫҚ ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫНЫҢ ДАМУЫ

Туризм индустриясы қазіргі әлемдегі қарқынды дамып келе жатқан және экономиканың тиімді салаларының бірі болып табылады. Көптеген елдердің экономикасында туристік сала маңызды рөл атқарады, өйткені ол мемлекет бюджетіне негізгі кіріс әкеледі. Өкінішке орай, жақын аралықта бүкіл әлем дағдарысқа әкелетін мәселеге тап болғаны белгілі. Covid-19 пандемиясы адам өміріне ғана емес, әлемдік экономикаға да қатты әсер етті. Ұлттық экономиканың көптеген салалары пандемияның салдарын сезінді. Пандемияға байланысты ең көп шығынға ұшыраған салалардың ішінде туризм секторы бар, оның үлесі экономиканың басқа салаларымен салыстырғанда едәуір жоғары.

Мақалада Covid-19 пандемиясының туристік индустрияның дамуына әсері қарастырылған. Дүниежүзілік туризм және саяхат кеңесі жариялаған мәліметтер негізінде авторлар туризм экономикасының сандық көрсеткіштеріне талдау жасады. Шет елдер бойынша көрсеткіштер ұсынылған, атап айтқанда Солтүстік және Оңтүстік Америка, Кариб бассейні елдері, Еуропа, Африка, Таяу Шығыс елдері және Азия-Тынық мұхиты аймағы елдері бойынша жалпы ішкі өнімдегі үлесі және жалпы жұмыспен қамтылудағы туризм саласының үлесі бағаланады, сондай-ақ туристік сегменттердегі өзгерістер қарқыны талданады.

Қазақстан Республикасы бойынша халықаралық туризм секторын дамыту жағдайы қаралды, коронавирус пандемиясының келуі туризмге әсері анықталды, сондай-ақ осы саланың статистикалық көрсеткіштеріне бағалау жүргізілді.

Туристік саланы дамытуға қатысты ұсыныстар ретінде туризмді қайта құрылымдаудың басым бағыттары айқындалды: COVID-19 пандемиясының әлеуметтік-экономикалық салдарын жұмсарту, туристік инфрақұрылымды дамыту және қызметтер сапасын арттыру есебінен саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, туристік саланы цифрландыру, экотуризмді дамыту және осы секторды трансформациялау мақсаттарына қол жеткізу үшін әріптестік қатынастарды нығайту.

**Кілт сөздер:** туризм, туризм экономикасы, нарық, жалпы ішкі өнім, жұмыссыздық, жұмысбастылық, туристік кәсіпорын, туристік индустрия, кіріс, шығын.

**Ключевые слова:** туризм, экономика туризма, рынок, валовой внутренний продукт, безработица, занятость, туристическое предприятие, туристская индустрия, доход, убыток.

**Keywords:** tourism, tourism economics, market, grossdomestic product, unemployment, employment, tourism enterprise, tourism industry, income, loss.

**Кіріспе.** Туризм әлеуметтік-экономикалық қызметтің негізгі саласы және бірқатар әлем елдерінің мемлекеттік бюджет кірістеріне айтарлықтай үлес қосатын табыс көзі болып танылып отыр. Пандемияға дейін саяхат және туризм саласында әлем бойынша әрбір құрылған 4 жұмыс орынының 1-і, жалпы әлемдегі жұмыс орындарының 10,6%-ы (немесе 334 млн) және әлемдік ЖІӨ-нің 10,4%-ы (немесе 9,2 трлн АҚШ долл.) туризм саласына тиесілі болды.

Сонымен қатар, келушілерге арналған ха-

лықаралық шығындар 2019 жылы 1,7 трлн АҚШ долларын құрады (жалпы экспорттың 6,8%-ы, халықаралық қызметтер экспортының 27,4%-ы) [1].

WTTC жыл сайынғы зерттеулеріне сүйенетін болсақ, саяхат және туризм секторы 2020 жылы 4,5 трлн АҚШ доллар шығынға ұшырап, 2019 жылмен салыстырғанда ЖІӨ-дегі үлесі 49,1% төмендеді. 2020 жылы 62 млн жұмыс орны жабылды, 2019 жылы 334 млн жұмыс орны болса, оның 272 млн сақталды, жалпы қысқарған жұмыс орындарының қарқыны 18,5% құрады.

Covid-19 пандемиясының жалғасу салдарынан туризм саласында құрылған жұмыс орындарының жоғалу қаупі әлі де сақталуда.

**Зерттеу әдістері.** Мақаланы жазу барысында жиі қолданылатын аналитикалық және салыстырмалы әдістер қолданылады. Жұмыста аналитикалық әдісті пайдалану сандық және сапалық тұрғыдан іске асырылды. Сандық тәсіл арқылы аналитикалық талдау жасау туризм саласы бойынша жарық көрген ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігі, Ұлттық статистика бюросының статистикалық көрсеткіштерін жүйелеу және талдау болып табылды. Ал зерттеудің сапалық тәсілі тақырып бойынша жазылған ғылыми мақалалардан, салалық журналдардың материалдарынан, ғылыми зерттеулерден және тақырыптық әдебиеттерді қолдана отырып, сипаттамалық және салыстырмалы талдауға бағытталған. Талдау барысында халықаралық туристік нарықтың және отандық туристік нарықтың даму көрсеткіштеріне салыстырмалы бағалау жүргізілді.

**Әдебиетке шолу.** Туризм шаруашылық саласы ретінде сауда, қоғамдық тамақтандыру, байланыс, көлік, құрылыс және т.б. бірқатар экономика салаларымен байланысты қалыптастырып, әрекет ететіндігі белгілі. Ұлттық экономиканың барлық салалары тікелей немесе жанама түрде туристік кешеннің жұмыс істеуіне қатысады [2]. Қазіргі әлемде туризм көп қырлы күрделі әлеуметтік құбылыс ретінде әрекет етеді, өйткені қолданыстағы ғылымдардың ешқайсысы оны өз зерттеулерінің объектісі ретінде толық сипаттай алмайды және қолданыстағы әлеуметтік-экономикалық институттардың ешқайсысы туризм саласының мәселелерін өз бетінше шеше алмайды [3].

Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы Заңында туристік қызмет ретінде жеке немесе заңды тұлғалардың туристік қызмет көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметі танылғаны белгілі [4]. Сонымен, қазіргі заманғы туризм индустриясы-бұл әлемдік экономиканың тез дамып келе жатқан салаларының бірі, оны экономикалық қызметтің тәуелсіз түрі ретінде де, салааралық кешен ретінде де қарастыруға болады. Туризм қызмет көрсетуші инфрақұрылым элементтерінің – қонақ үйлердің, мейрамханалардың, сауда кәсіпорындарының және т.б. дамуын ынталандырады. Ол тікелей

(виза үшін төлем, кедендік баж) немесе жанама болуы мүмкін салықтар есебінен бюджеттің кіріс бөлігінің ұлғаюына мүмкіндік береді (жұмысшылардың жалақысының өсуі олардың бюджетке төлейтін табыс салығы сомасының өсуіне әкеледі). Туризм шетелдік валюта мен түрлі инвестицияларды тарту үшін кең мүмкіндіктерге ие. Туризмнің дамуы елдегі әлеуметтік-экономикалық, мәдени сипаттағы бірқатар мәселелерді шешуге ықпал етеді. Олар:

- жергілікті кірістерді арттырады;
- жаңа жұмыс орындарын ашады;
- туристік қызметтерді өндірумен айналысатын барлық экономика салаларын дамытады;
- туристік орталықтарда әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымды дамытады;
- халық қолөнерінің қызметін және мәдениеттің дамуын белсендіреді және оларға ықпал етеді;
- жергілікті халықтың өмір сүру деңгейінің өсуін қамтамасыз етеді;
- валюталық түсімдерді арттырады.

**Негізгі бөлім.** Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы COVID-19 вирусының кеңінен таралуына байланысты 2020 жылдың наурыз айынан бастап әлемдік пандемияны жариялады: қазіргі дағдарыс туризм экономикасындағы бұрыннан келе жатқан құрылымдық әлсіздіктерді (туризм саласы негізінен шағын және орта бизнеске бағдарланған, маусымдық өзгерістерге тәуелді экономика секторы), сондай-ақ үкіметтің және бизнестің жаңа сын-қатерлер мен өзгерістерге жедел ден қоюға дайындығының жағдайын анықтады, - деп ЭЫДҰ сарапшылары атап өтті [5]. Туризм саласында құрылған әрбір жұмыс орны жанама немесе тікелей қосымша бір жарым жұмыс орнын құрады. Қонақ үйлер мен мейрамханалар сынды еңбексыймдылығы жоғары бизнес салалары әлем бойынша 144 млн адамға жұмыс ұсынып отыр [6]. Олардың қатарына 44 млн өзін өзі жұмыспен қамтамасыз етушілер және 7 млн жұмыс берушілер кіреді [7]. Әлем елдерінің басым бөлігінде аталмыш сектордың кәсіпорындары толығымен жұмыстарын тоқтатуға мәжбүр болды. Осы кәсіпорындардың қызметкерлерінің жартысы – әйелдер. Бұл еңбек нарығында әйелдер жұмыссыздығының арттыруына негіз болуда.

Туристік кәсіпорындардың көпшілігін 50 адамға дейін қызметкерлері бар микро-, шағын және орта кәсіпорындар құрайды. Шамамен

## Менеджмент және маркетинг / Менеджмент и маркетинг

жалпы жұмыс күшінің 30 пайызы 2-9 адамы бар компанияларда жұмыс істейді. Пандемия туристік кәсіпорындардың қызметіне және оларда жұмыс істеп жатқан қызметкерлердің табысына үлкен әсерін тигізіп отырғаны белгілі [8]. Туризмнің жалпы ішкі өнімдегі және жұмысбас-

тылықтағы үлесін қарайтын болсақ, құлдырау шегінің жоғары екендігін байқауға болады.

1-кестеде пандемияға дейінгі және пандемия жағдайындағы яғни 2019-2020 жылдардағы әлемдік туризм саласындағы өзгерістер көрсетілген [9].

1-кесте

**Өңірлердегі туризм индустриясының негізгі көрсеткіштері, 2019-2020 жж.\***

Өңірлер	2019 жыл		2020 жыл	
	Туризмнің ЖІӨ-гі үлесі, %	Туризмнің жұмыс-бастылықтағы үлесі, %	Туризмнің ЖІӨ-гі үлесі, %	Туризмнің жұмыс-бастылықтағы үлесі, %
Солтүстік Америка	8,8	11,0	-42,2	-27,9
Кариб жағалауы елдері	14,1	15,4	-58,0	-24,7
Оңтүстік Америка	8,1	8,0	-41,1	-23,4
Еуропа	9,5	10,1	-51,4	-9,3
Африка	6,9	6,5	-49,2	-29,3
Таяу Шығыс елдері	8,9	8,9	-51,1	-17,4
Азия – Тынық мұхиты елдері	9,9	10,0	-53,7	-18,4

\* *Travel & Tourism economic impact 2021 / Global economic impact & trends 2021 [9]*

Дүниежүзілік саяхат және туризм кеңесінің (WTTC) мәліметтері бойынша, 2019 жылы туризмнің әлемдік экономикаға қосқан үлесі 8,9 трлн немесе әлемдік ЖІӨ-нің 10,3%. Туристік сектордың даму қарқыны бойынша құрлықтық өзгерістерді талдасақ, Солтүстік Америкада 2019 жылы туризмнің ЖІӨ-гі үлесі 8,8 пайыз, ал жалпы жұмысбастылықтағы үлесі 11,0 пайыз немесе 25,4 млн. жұмыс орны болған. 2020 жылы бұл көрсеткіштердің өзгеру қарқыны төмендеп, ЖІӨ-гі туризмнің үлесі -42,2 төмендеді немесе -910 млрд АҚШ долл. құрады, еңбек нарығындағы туризмнің үлесі -27,9 пайызға төмендеп, -7,1 млн жұмыс орны жабылды. Кариб жағалауы елдерінде 2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылы туризмнің ЖІӨ-гі үлесі -58,0 пайызға азайды немесе -34 млрд АҚШ долл. құрады, жалпы жұмысбастылықтағы туризмнің үлесі -24,7 пайызға төмендеп, -0,7 млн жұмыс орны қысқарды. Пандемияның әсері ауқымды ықпал еткен өңірдің бірі – Азия-

Тынық мұхиты елдері. Туризмнің жалпы экономикадағы және жалпы жұмысбастылықтағы үлесі тәрізді екі көрсеткішпен талдайтын болсақ, 2020 жылы 2019 жылға қарағанда ЖІӨ-дегі туризмнің үлес салмағы -53,7 пайызға немесе -1,645 млрд АҚШ долл. жетсе, жалпы жұмысбастылықтағы туризмнің үлесі -18,4 пайызға немесе -34.1 млн жұмыс орнына азайды.

Халықаралық туризм секторы Қазақстан Республикасының ЖІӨ-нің құрылымында маңызды рөл атқарады. Сонымен, 2019 жылы туризмнің елдің ЖІӨ-ге қосқан үлесі 1,2% құрады, ал 2025 жылға қарай бұл көрсеткішті 8% дейін арттыру жоспарланып отыр [10]. Туризм саласында бір жұмыс орнын құру байланысты салаларда беске дейін жұмыс орнын құруға алып келеді. Келген халықаралық туристер саны талдауға алынған жылдар ішінде 2016 жылы 6509390 адамнан 2020 жылы 2034753 адамға дейін төмендеді. Шығу туризмі бойынша да нарықта төмендеу тенденциясы сақталған (1-сурет) [11].

2-кесте

**Кіру туризмі және шығу туризмі бойынша келушілер саны\***

	2016ж	2017ж	2018ж	2019ж	2020ж	2020/2019, %
1	2	3	4	5	6	7
Шығу туризмі бойынша келушілер саны	9755593	10260813	10646241	10707270	2865004	-73,2
оның ішінде:						
ТМД елдері	8958939	9257951	9549292	9476722	2447409	-74,2
ТМД-дан тыс елдер	796654	1002862	1096949	1230548	417595	-66,1

1	2	3	4	5	6	7
Келу туризмі бойынша келушілер саны	6509390	7701196	8789314	8514989	2034753	-76,1
оның ішінде:						
ТМД елдері	5935690	7060630	8177101	7818399	1865297	-76,1
ТМД-дан тыс елдер	573700	640566	612213	696590	169456	-75,7

\* Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері (Кеңейтілген жіктеу бойынша Қазақстан Республикасы халықаралық қызмет балансы) [11]

Келу туризмі көрсеткішіне ТМД елдерінен және ТМД-дан тыс елдерден келушілердің саяхаттары негізінде талдау жасайтын болсақ, 2020 жылы 2019 жылға қарағанда келу туризмінің қарқыны -76,1 пайызға төмендеген. Оның ішінде ТМД елдерінен келушілердің саны -76,1 пайызға және ТМД-дан тыс елдерден келушілер саны -75,7 пайызға құлдырады.

ТМД елдерінің ішінен Ресей Федерациясы (2020 жылы, 463403 адам), Өзбекстан (769353 адам) және Қырғыстан Республикасынан (388253 адам) келушілердің саны басқа көршілес мемлекеттермен салыстырғанда жоғары, бірақ 2019 жылмен салыстырғанда сәйкесінше -75,2%; -78,6% және -74,0% пайызға құлдыраған.

ТМД-дан тыс елдерден келушілерге қатысты сандық көрсеткіштерді қарастырсақ, Келу туризмі санаты бойынша алғашқы үштікке Түркия Республикасы, Германия Федеративтік Республикасы және Қытай Халық Республикасы енеді. Түркия Республикасынан келушілердің саны 2019 жылы 121523 адамды құраса, 2020 жылы 70260 адамға дейін азайды, немесе -42,2 пайызға төмендеген. Келу туризмі бойынша басымдыққа ие екінші мемлекет – Германия Федеративтік Республикасы. Германиядан келушілердің қатары 2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда -88,6 пайызға құлдыраған немесе 101457 адамнан 11608 адамға дейін төмендеген. Қытай елінен 2019 жылы 77621 адам келу туризмі бойынша сапарлаған болса, 2020 жылы ол көрсеткіш 14551 адамды құрады.

Талдау мәліметтері, пандемия жағдайында халықаралық туристік ағымның өзгерісі -70 пайыздан жоғары төмендегенін көрсетіп отыр. Оған әсер еткен негізгі себептерге мемлекеттердің шекараларының жабылуы, елдердің локдаун жағдайына енуі, халықаралық әуе қатынастарының тоқтауы және құрлықтар арасында

коронавирустық инфекцияның кеңінен таралып, адам өміріне тигізер қауіптің басым болуын жатқызуға болады.

**Қорытынды.** Сонымен, COVID-19 пандемиясының әсерінен кең көлемде құлдырауға ұшыраған туризм саласын қалыпты даму деңгейіне жеткізу үшін бірқатар шараларды қолға алуға алынбақ. БҰҰ-ның «COVID-19 және туризмді трансформациялау» атты баяндамасында Covid-19 пандемиясы салдарынан туризмді қайта құрудың бес басым бағыт көрсетіп отыр. Олар:

1. Әлеуметтік-экономикалық зардаптарды жұмсарту (жұмыс орындарын сақтау, сенім мен қауіпсіздікті нығайту)
2. Бәсекеге қабілеттілік пен орнықтылықты арттыру (туристік инфрақұрылымды дамыту және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру, өнімдер мен нарықтарды әртараптандыру, ішкі туризмді ілгерілету)
3. Диджитализация (туристік экожүйені цифрландыру, инновациялық шешімдерді құру, цифрлық дағдыларға инвестиция салу)
4. Экологияландыру (тұрақты дамуға жәрдемдесу, көміртекті бейтарап шешімдерді енгізу, экотуризмді дамыту)
5. Секторды трансформациялау және орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу үшін үйлестіру және әріптестікті нығайту.

Жалпы алғанда, пандемия жағдайында туристік кәсіпорындардың нарықта жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін кең көлемдегі мемлекеттік қолдау шаралары ұйымдастырылуы керек. Атап айтқанда, туризм саласын қолдау құқықтық, қаржылық, ақпараттық және салықтық бағыттарда жүргізілу қажет. Сонымен қатар ішкі туристік нарықты дамытудың жағдайлары нақтыланып, саланы қолдауға бағытталған мемлекеттік туристік бағдарламаларды жетілдірілу қолға алыну керек.

1. Официальный сайт Всемирного совета по туризму и путешествиям [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://wtcc.org/en-gb/Research/Economic-Impact>
2. Боголюбов В.С., Орловская В.П. Экономика туризма. М.: Академия, 2005. – 192 с.
3. Зорин И.В., Каверина Т.П., Квартальнов В.А. Туризм как вид деятельности // [https://tourlib.net/books\\_tourism/zorin.htm](https://tourlib.net/books_tourism/zorin.htm)
4. Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 маусымдағы N 211 Заңы
5. Как коронавирус меняет мировую туриндурию <https://www.vedomosti.ru>
6. Вестник МОТ, выпуск 2: COVID-19 и сфера труда, 7 апреля 2020 г.
7. Вестник МОТ, выпуск 3: COVID-19 и сфера труда, 29 апреля 2020 г.
8. Отраслевая справка МОТ. Май, 2020 г.
9. Travel and Tourism economic impact 2021/ Global economic impact and trends 2021-<https://wtcc.org/Portals/0/Documents/Reports/2021/Global%20Economic%20Impact%20and%20Trends%202021.pdf?ver=2021-07-01-114957-177>
10. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы // ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 360 қаулысы
11. Қазақстан туризмі / Статистикалық жинақ (2016-2020) (қазақ және орыс тілдерінде). – 65 б. // [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://stat.gov.kz/>

REFERENCES

1. Oficial'nyj sajt Vsemirnogo soveta po turizmu i puteshestvijam [Jelektronnyjresurs]. – Rezhimostupa: <https://wtcc.org/en-gb/Research/Economic-Impact> [in Russian].
2. Bogoljubov V.S., Orlovskaja V.P. Jekonomikaturizma. M.: Akademija, 2005. – 192 s. [in Russian].
3. Zorin I.V., Kaverina T.P., Kvartal'nov V.A. Turizm kak vid dejatel'nosti // [https://tourlib.net/books\\_tourism/zorin.htm](https://tourlib.net/books_tourism/zorin.htm) [in Russian].
4. Қазақстан Respublikasyndaғы turistik qyzmet turaly Қазақстан Respublikasynың 2001 zhylyғы 13 mausymdaғы N 211 Zanу [in Russian].
5. Kak korona virus menjaet mirovujу turindustriju <https://www.vedomosti.ru> [in Russian].
6. Vestnik MOT, vypusk 2: COVID-19 i sferatruda, 7 aprelja 2020 g. [in Russian].
7. Vestnik MOT, vypusk 3: COVID-19 i sferatruda, 29 aprelja 2020 g. [in Russian].
8. Otraselevajaspravka MOT. Maj, 2020 g. [in Russian].
9. Travel and Tourism economic impact 2021/ Global economic impact and trends 2021-<https://wtcc.org/Portals/0/Documents/Reports/2021/Global%20Economic%20Impact%20and%20Trends%202021.pdf?ver=2021-07-01-114957-177> [in Russian].
10. Қазақстан Respublikasynың turistik salasyn damytudyң 2019-2025 zhyldarға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы // ҚР Үкіметінің 2019 zhylyғы 31 мамырдағы № 360 kaulysy [in Russian].
11. Қазақстан turizmi / Statistikalық zhinақ (2016-2020) (қазақ және орыс tilderinde). – 65 b. // [Jelektronnyjresurs]. – Rezhimostupa: <https://stat.gov.kz/> [in Russian].

**РАЗВИТИЕ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИНДУСТРИИ ТУРИЗМА В УСЛОВИЯХ ПАНДЕМИИ COVID-19**

**Аннотация**

Индустрия туризма является одной из динамично развивающихся и экономически выгодных сфер в современном мире. В экономике многих стран туристская отрасль играет важную роль, ведь именно она приносит основной доход в бюджет государства. К сожалению, недавно весь мир столкнулся с проблемой, которая привела к кризису. Пандемия COVID-19 оказала огромное влияние не только на жизнь человека, но от нее пострадала и мировая экономика. Многие отрасли национальной экономики ощутили на себе последствия пандемии. В числе отраслей, которые больше всего понесли убытки из-за пандемии находится сектор туризма, доля которого значительно выше по сравнению с другими сферами хозяйства.

В статье рассматривается влияние пандемии COVID-19 на развитие туристической отрасли. На основании данных, опубликованных Всемирным советом по туризму и путешествиям, авторами проведен анализ количественных показателей экономики туризма. Представлены показатели по зарубежным странам, так в частности по Северной и Южной Америке, странам Карибского бассейна, Европе, Африке, странам Ближнего Востока и странам Азиатско-Тихоокеанского региона оценивается доля сферы туризма в валовом внутреннем продукте и общей занятости, а также проанализированы темпы изменения в туристских сегментах.

Рассмотрена ситуация развития сектора международного туризма по Республике Казахстан, определено влияние пандемии коронавируса на въездной туризм, а также проведена оценка статистических показателей данной отрасли.

В качестве рекомендаций по развитию туристической отрасли были определены приоритетные области реструктуризации туризма: смягчение социально-экономических последствий пандемии COVID-19, повышение конкурентоспособности отрасли за счет развития туристической инфраструктуры и повышения качества услуг, цифровизация туристской отрасли, развитие экотуризма и укрепление партнерских отношений для достижения целей трансформации данного сектора.

**R. Shokhan, E. Tlessova, M. Bespaev**

**DEVELOPMENT OF DOMESTIC TOURISM INDUSTRY UNDER COVID-19 PANDEMIC**

**Annotation**

The tourism industry is one of the fastest growing and most economically profitable areas in the modern world. In the economy of many countries, the tourism industry plays an important role, because it brings the main income to the state budget. Unfortunately, recently the whole world was faced with a problem that led to a crisis. The COVID-19 pandemic has had a huge impact not only on human life, but also affected the global economy. Many sectors of the national economy have felt the effects of the pandemic. Among the industries that suffered the most losses due to the pandemic is the tourism sector, whose share is significantly higher compared to other sectors of the economy.

The article examines the impact of the COVID-19 pandemic on the development of the tourism industry. Based on the data published by the World Tourism and Travel Council, the authors analyzed the quantitative indicators of the tourism economy. Indicators for foreign countries are presented, in particular for the Americas, the Caribbean, Europe, Africa, the Middle East and the Asia-Pacific region, the share of tourism in gross domestic product and total employment is assessed, and the rate of change in tourist segments.

The situation of the development of the international tourism sector in the Republic of Kazakhstan was considered, the impact of the coronavirus pandemic on inbound tourism was determined, and the statistical indicators of this industry were assessed.

As recommendations for the development of the tourism industry, priority areas of tourism restructuring were identified: mitigating the socio-economic consequences of the COVID-19 pandemic, increasing the competitiveness of the industry through the development of tourism infrastructure and improving the quality of services, digitalization of the tourism industry, development of ecotourism and strengthening partnerships to achieve the goals transformation of this sector.

